

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 наурыздағы N 210 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан

Республикасының

Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы

2001 жылғы 15 желтоқсанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Бейресми аударма

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қарым-қатынастың стратегиялық сипатын назарға ала отырып, екі жақты деңгейде халықаралық терроризмге, діни және саяси экстремизмге қарсы қуреске қатысты "Мызғымас Бостандық" операциясы шеңберіндегі өзара тығыз іс-қимылға дайындығын білдіре отырып;

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Демократиялық әріптестік туралы 1994 жылғы хартияның ережелеріне, Терроризмге қатысты 1998 жылғы З қарашадағы қазақстандық-американдық бірлескен мәлімдемеге

адалдықтарын

құаттай

отырғып;

Әскери саладағы ынтымақтастық туралы бұрын қол жеткізілген уағдаластықтарға сілтеме жасай отырып және оларды нығайтуға ниет білдіре отырып;

Төмендегі мәселелер бойынша өзара түсіністікке қол жеткізді:

I. "Мызғымас Бостандық" операциясы шенберінде АҚШ әуе кемелерінің ұшып өтуін қамтамасыз ету үшін (топтық емес, жекелеген ұшулар) арнайы әуе дәліздерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің беруі туралы американцы Тараптың өтінішін ескере отырып, қазақстандық Тарап төмендегі өлшемдермен шектелген әуе дәліздерін

ұсынуға дайын:

1. NORDA A355 ТӨЛЕ БИ B142 ARBOL A352 ТҮРКІСТАН A480  
BORIS - әрі қарай Өзбекстан аумағы бойынша KUNAS B363 АҚТАУ A87/R227  
АЗАВІ/ІТАКА нұктеге дейін

2. RIRAN A118 ШЫМКЕНТ В114 ТӨЛЕ БИ A355 NORDA

3. NORDA A355 ТӨЛЕ БИ A356 АТЫРАУ G487 ОВАТА

4. RIRAN A118 ШЫМКЕНТ R482 ТҮРКІСТАН A352 ҚЫЗЫЛОРДА A356  
АТЫРАУ G 4 8 7 ОВАТА

Егер осы әуе дәліздері қандай да бір күні, қандай да болсын себеппен жабық болатын болса, Қазақстан Республикасының әуе қозғалысына қызмет көрсету орталығы (Әуе қозғалысын жоспарлаудың басты орталығы) АҚШ ұшактарының бағытын қайта жоспарлайды, олардың Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы ұшып өтуін кейінге қалдырымайды.

II. Осы Меморандумның I тармағында көрсетілген мақсатпен қазақстандық Тарап дипломатиялық рұқсаттың келесі бірыңғай НМИД 110/015 КЗН01 нөмірін белгілеуге дайын.

III. Тараптар "Мызғымас Бостандық" операциясы шенберінде АҚШ әуе кемелерінің Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалануы туралы хабарландыру ұшуға дейін кем дегенде 4 сағат бұрын мерзімде берілуі тиіс екенін түсіністікпен негізге алады, төмендегі мекен-жайға AFTN - UAAKZDZK, UAAAАЗDZK арналған келесі мазмұндағы ақпараты бар ұшу жоспары Әуе қозғалысын жоспарлаудың басты орталығына беріледі; (AFTN мекен-жайына қол жеткізілмеген жағдайларда ұшу жоспары төмендегі CITA-ALAOKYA мекен-жайға немесе 7(3272)574343) факске жолданады, ұшу жоспары мыналарды қамтиды:

- дипломатиялық рұқсаттың бірыңғай нөмірі;
- әуе кемесінің түрі, тіркеу нөмірі және радиолық шақыру белгісі;
- жолаушыларды/жүкті жөнелту және жеткізу пункті;
- тасымалдаудың жалпы сипаты (адамдар, жүк, қауіпті жүк);
- күні, толық маршруты және ұшу маршрутындағы авиатрасса, Қазақстан әуе кеңістігіне кіру/одан шығу нұктелері міндетті түрде көрсетілген қозғалыс кестесі.

Қазақстан Республикасының әуе трассалары бойынша әуе кемелерінің ұшуы

азаматтық әуе кемелері ұшуларының халықаралық ережесін сақтай отырып, жүзеге асырылуы тиіс (жекелеген ұшулар). Жауынгерлік авиацияға қатысты ұшақтар топ-топ болып емес, кезек сақтап ұшы және 0.80 М-нен артық емес ұшу жылдамдығын ұстануы тиіс. Әуе кемелерінің ұшу санының шамасы тәулігіне 8-10 рейс.

IV. Қазақстан Республикасы "Мызығымас Бостандық" операциясы шенберінде ұшатын және осы ұшақтардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде болған уақытысында III Параграфтың талаптарын орындайтын АҚШ ұшақтарынан алымдар алмастан аэронавигациялық қызмет көрсететін болады. Бұған қосымша Қазақстан Республикасы осы Меморандум күшіне енген қунге дейін 2001 жылғы 23 қыркүйектен бастап жарамды, бұрын дипломатиялық рұқсаттың МИД 110/001 КЗН 01 нөмірін алған, "Мызығымас Бостандық" операциясы шенберіндегі АҚШ ұшақтарына тегін аэронавигациялық қызмет көрсететін болады.

V. Бақытсыздық жағдайларда Тараптар әріптестік рухында консультациялар өткізеді. АҚШ-тың кез-келген персоналдың әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде көтерілетін үшінші Тараптың талаптары АҚШ Үкіметінің қарауы бойынша АҚШ заңнамасына сәйкес қаралуы және реттелуі мүмкін.

VI. Осы Меморандум бойынша жүзеге асырылатын ынтымақтастықтың анағұрлым тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Тараптар экологиялық талапты қоса алғанда, ұшуларды ұшу қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асыратын б о л а д ы .

VII. Осы Меморандум Америка Құрама Штаттары және оның халықаралық коалиция бойынша әріптері жүргізетін "Мызығымас Бостандық" операциясы өтетін мерзім ішінде күшінде болады. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Америка Құрама Штаттарының*

*Үкіметі үшін*